

ISSN 1999-4214 (print)

ISSN 2957-5095 (online)

ЕУРАЗИЯ ГУМАНИТАРЛЫҚ ИНСТИТУТЫНЫҢ

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

ЕВРАЗИЙСКОГО
ГУМАНИТАРНОГО
ИНСТИТУТА

BULLETIN

OF THE EURASIAN HUMANITIES
INSTITUTE

№ 2/2023

Жылына 4 рет шығады
2001 ж. шыға бастаған

Выходит 4 раза в год
Начал издаваться с 2001 г.

Published 4 times a year
Began to be published in 2001

Астана, 2023

Бас редакторы **Дауренбекова Л.Н.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
филология ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан
Жауапты редактор **Алимбаев А.Е.**
А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті,
философия докторы (PhD) Астана, Қазақстан

Редакция алқасы

Аймұхамбет Ж.Ә.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Ақтаева К.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Мицкевич атындағы Польша университеті, Познань, Польша.
Әбсадық А.А.	филология ғылымдарының докторы, профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Бредихин С.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Солтүстік Кавказ федералды университеті, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	филология ғылымдарының кандидаты, доцент Ә. Бөкейхан атындағы университеті, Семей, Қазақстан
Ермекова Т.Н.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
Есиркепова К.Қ.	филология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті, Қостанай, Қазақстан
Жүсіпов Н.Қ.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Торайғыров университеті, Павлодар, Қазақстан
Курбанова М.М.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Алишер Навои атындағы Ташкент мемлекеттік өзбек тілі мен әдебиеті университеті, Ташкент, Өзбекстан
Қамзабек Д.	ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
Құрысжан Л.Ә.	филология ғылымдарының кандидаты, профессор, Ханкук шетелтану университеті, Сеул, Оңтүстік Корея
Онер М.	философия докторы (PhD), профессор, Эгей университеті, Измир, Туркия
Пименова М.В.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Шет ел тілдері институты, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	филология ғылымдарының докторы, профессор, Казан федералды университеті, Казан, Татарстан, РФ

Редакцияның мекенжайы: 010009, Астана қ., Жұмабаев даңғ., 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы.

Меншіктенуші: «А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты»

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде

қайта есепке қойылды. Тіркеу № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Басуға 15.06.2023ж. қол қойылды. Пішімі 60*84 1\8. Қағаз офсеттік Көлемі. БТ.

Таралымы 200 дана. Бағасы келісім бойынша. Тапсырыс № 89

«Ақтаев У.Е.» баспасында басылып шықты

© А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты

Главный редактор **Дауренбекова Л.Н.**
Кандидат филологических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени
А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан

Ответственный редактор **Алимбаев А.Е.**
Доктор философии (PhD), доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова,
Астана, Казахстан

Редакционная коллегия

Аймухамбет Ж.А.	доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Актаева К.	доктор филологических наук, профессор, университет имени Адама Мицкевича, Познань, Польша.
Абсадық А.А.	доктор филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Бредихин С.Н.	доктор филологических наук, профессор, Северо-Кавказский федеральный университет, Ставрополь, РФ
Гайнуллина Ф.А.	кандидат филологических наук, доцент университет имени А. Бокейхана, Семей, Казахстан
Ермекова Т.Н.	доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
Есиркепова К.К.	кандидат филологических наук, профессор, Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова, Костанай, Казахстан
Жусипов Н.К.	доктор филологических наук, профессор, Торайгыров университет, Павлодар, Казахстан
Курбанова М.М.	доктор филологических наук, профессор, Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы им. Алишера Навои, Ташкент, Узбекистан
Камзабек Д.	академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан
Курысжан Л.А.	кандидат филологических наук, профессор, Университет иностранных языков Ханкук, Сеул, Южная Корея
Онер М.	доктор философии (PhD), профессор, Эгейский университет, Измир, Турция
Пименова М.В.	доктор филологических наук, профессор, Институт иностранных языков, Санкт-Петербург, РФ
Сайфулина Ф.С.	доктор филологических наук, профессор, Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ

Адрес редакции: 010009, г. Астана., пр. Жумабаева, 4
Телефон/факс: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Вестник Евразийского гуманитарного института.

Собственник: «Евразийский гуманитарный институт имени А.К.Кусаинова».

Министерством информации и общественного развития Республики Казахстан Комитет информации постановлено на переучет № KZ92VPY00046970 17.03.2022

Подписано в печать 15.06.2023 ж. Формат 60*84 1\8. Бум. Типогр.

Тираж 200. Цена согласовано. Заказ № 89

Напечатано в издательстве «У.Е. Актаева»

©Евразийский гуманитарный институт имени А.К. Кусаинова

Chief Editor Daurenbekova L.N.
Candidate of Philological Science, Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editor-in-Chief Alimbayev A.E.
Doctor of Philosophy (PhD), Associate Professor of the A.K. Kussayinov Eurasian Humanities
Institute, Astana, Kazakhstan

Editorial Board

Aimuhambet Zh.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Aktayeva K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Poznan Adam Mitskevich University, Poznan, Poland
Absadyk A.A.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Bredikhin S.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, North-Caucasus Federal University, Stavropol, RF
Гайнуллина Ф.А.	Candidate of Philological Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University, Semey, Kazakhstan
Yermekova T.N.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kaz. National Women's Pedagogical University. Almaty, Kazakhstan
Yesirkepova K.K.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Kostanay Regional University named after A.Baitursynov, Kostanay, Kazakhstan
Zhusipov N.K.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Toraighyrov University, Pavlodar, Kazakhstan
Kurbanova M.M.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Tashkent State University of the Uzbek Language and Literature named after Alisher Navoyi, Tashkent, Uzbekistan
Kamzabek D.	Academician of NAS RK, Doctor of Philological Sciences, Professor, L.N. Gumilyov ENU, Astana, Kazakhstan
Kuryshchan L.A.	Candidate of Philological Sciences, Professor, Hankuk University of Foreign Studies Seoul Korea
Oner M.	Doctor of Philological (PhD), Professor, Aegean University, Izmir, Turkey
Pimenova M.V.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Foreign Languages Institute, St-Petersburg, RF
Seifullina F.S.	Doctor of Philological Sciences, Professor, Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF

Editorial address: 010009, Astana., 4, Prospect Zhumabayev
Tel/Fax: (7172) 561 933; e-mail: eagi.vestnik@gmail.com, сайт: ojs.egi.kz

Bulletin of the Eurasian Humanities Institute.

Owner: «A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute».

The Ministry of Information and Public Development of the Republic of Kazakhstan Information Committee decided to re-register No. KZ92VPY00046970 17.03.2022

Signed for printing 15.03.2023 Format 60 * 84 1 \ 8. Paper. Printing house

Circulation 200. Price agreed. Order No. 89

Printed in the publishing house of «U.E. Aktaev»

© A.K. Kussayinov Eurasian Humanities Institute

МАЗМҰНЫ-СОДЕРЖАНИЕ-CONTENTS

ТІЛ БІЛІМІ – ЯЗЫКОЗНАНИЕ – LINGUISTICS

БАЙЛИЕВА Ұ.Б., ДАУТОВА Б.Д.	Абай шығармаларындағы ақыл, жүрек, қайрат концептілерінің орыс тіліне аударылу ерекшеліктері.....	7
BAITELIYEVA ZH., KUDERINOVA K.	The peculiarities of the kazakh national speech culture...	22
ЕРҒАЛИЕВ Қ.С., ЕРҒАЛИЕВА С.Ж.	Интернет-коммуникация жанрларының ерекшеліктері.....	36
ЖИРЕНОВ С.А. НУРЕКЕШОВА Г.Р. НҮРСҰЛТАНҚЫЗЫ Ж.	Поэтикалық мәтіндердегі эмоционалдық- экспрессивтік бірліктердің психолингвистикалық сипаты.....	50
ЖОЛШАЕВА М.С. ШАДИЕВА Н.Х.	Қазақ тіліндегі күрделі құрамды етістіктер мәселесі.....	67
ИМАНБЕРДИЕВА С.Қ. ЕГЕНБЕРДІ М.Е.	Паремиядағы төрт түлік атаулары – ұлттық код.....	81
ҚАРТЖАН Н.Е., ИСАКОВА С.С., КЕНЖЕМУРАТОВА С.К.	Ертегі дискурсын зерттеу мәселесі: анықтамасы, жіктелуі және өзара байланысы.....	94
КОШИКБАЕВА Г.Д., ЕЛИКБАЕВ Б.К., БЫБРАЙЫМ А.О.	Қазақ тіліндегі сұраулы сөйлеу актісінің модальдық мағыналары.....	109
ҚАЙДАРОВА Б.М.	Қазақ және ағылшын тілдеріндегі ұлттық-мәдени стереотиптердің лексика-семантикалық ерекшеліктері.....	121
ҚҰРМАНБАЙҰЛЫ Ш.	Әлихан Бөкейхан еңбектеріндегі кірме сөздер қолданысы.....	133
ӨНЕРМ., МҰХТАРОВА Ф.С.	Қазақ тіліндегі түйе түсінігіне қатысты этнографиялық ұғымдар.....	153
САМСЕНОВА Г.С.	Динамика функционирования новостных медиатекстов.....	165
SHANEEN A., SAPINA S., KAUDIROVA A.	Individualization of the term formation process.....	180

ТУРЛЫБЕКОВА И.А., ОСПАНОВА Ж.Т., НУРКЕНОВА С.С.	Сөйлеу мінез-құлқын сипаттайтын фразеологизмдердің ерекшеліктері мен метафора түрлері (Т. Сәукетаевтың романы мысалында).....	193
ЧОБАНОҒЛУ Ө., ӘШПРХАНОВА Қ., ЖҰМАТАЕВА З.	Мақал-мәтелдердегі ұлттық мінездің көрінісі.....	207

ӘДЕБИЕТТАНУ – ЛИТЕРАТУРОВЕДЕНИЕ – LITERATURE STUDIES

АЙТУҒАНОВА С.Ш. СҰЛТАН Е.Б.,	Көркем мәтінді семантикалық талдау: символдық бейнелеу.....	221
АРСЛАН М., ЖАЛЕЛОВ Д.С.	Шалкиіз толғауларындағы жауынгерлік рух.....	232
БАЙТАНАСОВА Қ.М.	Ауыл бейнесі және ұлттық таным.....	244
БОЛАТБЕКОВА Ж.Б., ЖҰМАҚАЕВА Б.Д.	Абай шығармаларының шет тілдеріне аударылуы мәселесі.....	259
GALYMZHANOV B.	The spirit of freedom jusip's famous works.....	270
ЕСПЕНБЕТОВ А.С. ЕРДЕМБЕКОВ Б.А. СМАГУЛОВА А.Т.	Абай қарасөздеріндегі адам мінездеріне тезаурустық талдау.....	283
КАЙИМОВ М.Ә., ХАЛИКОВА Н.С. ИБРАГИМОВА У.Б.	Бұқар жыраудың Абылай ханға арнаған жыр- толғауларының басты ерекшеліктері.....	296
САЙФУЛЛАЕВА Н.Б. КЕМЕҢГЕР Қ.Р. КЫНАДЖЫ Д.	Артур Конан Дойлдың «Жирен шаштылар қауымдастығы» әңгімесіндегі қазақ тілді аударманың поэтикасы.....	309
ТАМАБАЕВА Қ.Ө., РАЙЫМБЕКОВА Д.Л., ЖАНҚАЗЫ А.	Шерхан Мұртаза нақыл сөздерінің ұлттық сипаты және берілу ерекшеліктері.....	323

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ – МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ – METHODOLOGY OF TEACHING LANGUAGE AND LITERATURE

KAMIEVA G.K., BISMILDINAD.D., MOLDAKHMETOVA Z.N.	Folk wisdom – a tool for the development of speech competence.....	336
--	---	-----

ХҒТАР 16.21.51

DOI <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-2.06>***С.Қ. ИМАНБЕРДИЕВА¹** **М.Е. ЕГЕНБЕРДИ²** 

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университет, Астана, Қазақстан
Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университет, Алматы, Қазақстан
(e-mail: imansaule@mail.ru¹, meru1989_89@mail.ru²)

***ПАРЕМИЯДАҒЫ ТӨРТ ТҮЛІК АТАУЛАРЫ – ҰЛТТЫҚ КОД**

Аңдатпа. Мақалада ұлттық кодты ашуда, әлемнің тілдік бейнесін жасауда өзіндік орны бар төрт түлік атаулары құрамында бар паремия бойынша ақпарат зерделеніп, ауылшаруашылық, халықтың тұрмыс-тіршілігі, метеорологиябойынша халық танымындағы маңызды қор ретінде қарастырылған.

Мақаланың мақсаты – құрамында төрт түлік атаулары бар паремияның тілдегі қолданылыс ерекшелігін көрсету және сол арқылы халықтың әлемнің тілдік бейнесін жасаудағы танымын айқындау, сол ақпаратқа сай ұлттық кодты ашу.

Зерттеу жұмысы лексика-семантикалық, когнитивтік бағытта орындалған. Автор құрамында төрт түлік атаулары бар паремияның ұрпақтан ұрпаққа мұра болып қалатын, қазақ қоғамының әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырушы ерекше лингвомәдени бірлік қатарына жатқызады.

Жүргізілген зерттеу барысында құрамында төрт түлік атаулары бар мақал-мәтелдер әлеуметтік жағдай, мәдени код негізінде ұлттық танымды айқындаудағы маңызды бірлік ретінде ерекше назар аударылған. Мақал-мәтелдердегі жиналған халықтың тәжірибесіне сай ақпаратты ашуда ұлттық таным, әлеуметтік код, мәдени код ретіндегі танымдық қызметіне айрықша мән берілген. Сонымен бірге мақал-мәтелдердегі төрт түліктің жиынтық атаулары мен жекелеген атаулардың қолданысы бойынша статистикалық мәлімет келтірілген. Мақал-мәтелдердегі төрт түлік атауларының прагматикалық әлеуеті зерделеніп, олардың халықтың ғасырлар бойы жинақтаған таным-түсінігі, әлемді қабылдаудағы тасымал құрал ретіндегі орны айқындалған.

Құрамында төрт түлік атаулары бар паремияның ұлттық танымдық қорын қалыптастыратын, мәдени ақпарат тасымалдаушы негізгі лингвомәдени бірліктер екені дәйектеліп, олардың тасасындағы имплицит ақпараттардың астарындағы мәдени кодтар ашылған. Жасалған тұжырымдар когнитивтік, статистикалық, салғастырмалы-сипаттамалық әдістер арқылы негізделіп, нақты

* Мақала ҚР ҒЖБМ ғылым комитеті қаржыландыратын «AP14871055 Қазақ тілдік танымдағы «Төрт түлік» концептінің өрісі» ғылыми жобасы аясында жазылды.

мысалдармен дәлелденген. Дәйектер мақал-мәтелдерден алынған.

Мақаланың практикалық маңыздылығына оның негізгі нәтижелерін лексикология, когнитивтік лингвистика, лингвомәдениеттану тәрізді теориялық курстарда, сондай-ақ қазақ тілін оқыту парктикасы үшін семинарларда қолдануға болатыны жатады.

Тірек сөздер: паремия, мақал-мәтел, имплицитті ақпарат, тілдік бірлік, әлеуметтік код, мәдени код, антитеза, синоним.

Кіріспе. Қазақ о бастан көшпенді халық ретінде төрт түлікке байланысты көптеген тілдік бірліктерді қалыптастырған, ал олардың мәнін ашу арқылы ұлттық таным, ұлттық мәдениет, ұлттық кодты айқындау көптеген ғалымның қызығушылығын тудырып келеді. Қазірдің өзінде бұл өте өзекті мәселелердің бірі.

Қазақ халқының паремия, табу мен эфвемизмдерде сақталған ақпарат – ұлттық кодты ашудағы тарихи артефакт. Оларды халық мұрасы ретінде бағалап, сақтап, келесі ұрпаққа аманаттап отыруымыз керек.

Ш. Құрманбайұлының «Қазақ тілінің терминологиялық қорының қалыптасуына негіз болған басты көз ұлт тілінің өз байлығы екендігі сөзсіз. Оның бастауларын әріден, түркі тілдерінен, төл тіліміздің тармақталып дербес даму тарихымен қараған жөн», - деген пікірді білдіреді [1, 9]. Бұл ұлттық танымға сай келетін төрт түлік атауларын жүйелеуде көрініс табады. қазақ халқының көшпенді өмірінен қалған бай мұра тілдік, ауылшаруашылық метерология, фитомедицина бірлігінде қаралып, паремияның халық тұрмыс-тіршілігіндегі тарихи тәжірибені ашудағы ұлттық код екендігін айқындау да маңызды. Төрт түлік атауларын қарастырудың жаңа бағыттары мен аспектілерін анықтау қазіргі кезде өзекті, себебі бұрынырақта ауылшаруашылығын жүргізу, мал бағуға қатысты халықтың мол тәжірибесі паремияда сақталған.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Қазақ тіл білімінде мақал-мәтелдерді зерттеу бойынша қомақты еңбектің бірі аскадемик Ә.Қайдардың «Халық даналығы» еңбегін атауымызға болады. Ол мақал-мәтелдерді топтастырудың ғылыми принциптерін айқындап, этномәдени және этнофилософиялық астарын, адам табиғатын тануға бағытталған ішкі мазмұнын ашудың жолдарын, амал-тәсілдерін ұсынады [2, 9]. Ағылшын және өзбек тілдеріндегі мақал-мәтелдерге компаративтік және мәдени талдау жасалған [3, 100]. Кандидаттық диссертациян жазу барысында Б. Дина Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық прагматикалық аспектісіне тоқталып, эксплицитті және имплицитті ақпаратты айқындауға тырысқан [4, 15]. Ал Р.Атаханова Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипатын ашқан [5, 31].

Жекелеген төрт түлік атауларын тілдік мақсатта зерттеу сонау ХІ ғасырда тек сипаттау, салыстыру әдістерімен шектелген [6, 15], ХХ ғасырдың

салғастырыла [7, 27], тақырыптық топ аясында қарастыру (Тоқтағұл) [8, 9], ономазиологиялық негізін анықтау (Жанәбілов) [9, 34]. сияқты әр алуан объектілік тұрғыдан зерттелген. Төрт түлік атауларға қатысты «жылқы», «түйе» лексикалық бірліктерді зерттеген жеке-жеке диссертациялардың ішінде кездесетін кейбір этнолингвистикалық этюдтер болмаса, бұл тақырып Қазақстан ғалымдарының тарапынан арнайы зерттеу бағытына айналған жоқ. Бұл еңбектерде «жылқы», лексемасына қатысты фразеологиялық бірліктердің этнолингвистикалық сипаты (Ж.Байтелиева) [10, 5], «жылқы» түлігіне қатысты сөздердің қазақ тіліндегі көрінісі [11, 93], «түйе» лексемасының мағынасы (Ә.Жақыпов) қарастырылғанымен [12, 141], бұл зерттеулердің басым көпшілігі лексикалық бірліктерді жинақтау, жүйелеу мен теориялық ізденістерге құрылған болатын [13, 15]. Сондықтан да зерттеуде ұлттық болмысқа тән, тәрбиелік мәні бар паремияның ұлттық танымды қалыптастырып, әлемнің тілдік бейнесін жасаудағы рөлін анықтау да мүмкіндігінше көзделеді.

Жалпы лингвистикада зерттеудің бағыты, мақсат-міндеттеріне қарай әр түрлі әдіс-тәсілдері пайдаланылады. Паремия халықтың өмірлік тәжірибесінің қысқартылған нұсқасы дейтін болсақ, ұжымның когнитивтік санасында ой елегінен өткізілген тілдік бірліктер болып саналады. Ал оның әр қолданысы тілдік ортаның аялық біліміне қарай интерпретацияны қажет етеді.

Жұмыста паремиядағы төрт түлік атауларын жіктеп, жинақтап, тілдік тұрғыдан зерделеу үшін лингвостатистикалық әдіс қолданылады. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдер, фразеологизмдерге салғастырмалы-когнитивтік талдау жасалып, олардың шеңберіндегі имплицит ақпараттардың мазмұнын ашу мақсатында сипаттамалық әдіс қолданылады.

Талқылау мен бақылау. Мақал-мәтелдер, фразеологизмдер қазақ халқының тарихи тәжірибесін сақтаған, көнелікті ұрпақтан ұрпаққа шегендеп жеткізіп отырған лексикалық бірліктер. Олар ұрпаққа қандай ақпарат жеткізіп отырған деген сауалға жауап беру үшін талдап көрелік.

- Адам ерекшелігін төрт түлік қасиеті негізінде талқыға салу: Жақсыда мін жоқ, Жүйрікте сын жоқ; Жақсыдан жаман туады, Жүйріктен шабан туады; Жомарт жоқтығын білдірмейді, Жүйрік ат тоқтығын білдірмейді; Жүйрік бестіден, Кеңдік келбетіден шығады; Байтал мінген, Айғыр мінгенге жолдас бола алмайды; Жақсы бала қонаққа үйір, Жақсы тай атқа үйір; Сен салар да мен салар, атқа шөпті кім салар; Қоныс ақысын түйе қайтарады; Көпірде түйенің үлкені таяқ жейді; Бақырауық демесең, Бағалы түлік - түйе ғой, Жаман да болса, өз ұлың, Өз малыңа ие ғой; Салпиған қардан туады, Салпы ерін нардан туады; Бір түйенің құмалағына қырық кісі тайып жығылыпты; Ақылды мен ақымақ келісе алмас, Атан түйе текемен сүзісе алмас; Көрмес түйені де көрмес т.б. [14, 6-23];

- Төрт түлік қасиеті негізінде қоршаған ортаны талқыға салу: Жылқыда өт жоқ, құста сүт жоқ; Құстың бәрі бұлбұл болмас, Жылқының бәрі дүлдүл болмас; Алаботаға ат байлама; Жылқыны бөгелек аздырар; Саяқтың ажалы

қасқырдан; Өзеннің көркі - жар, Түйенің көркі – нар; Түйе атасы - нар, Ағаш атасы - шынар т.б. [14, 28-47];

- Төрт түлік арқылы жылқы қасиетін талқыға салу: Соқыр атқа қотыр ат үйір; Атпен ойнаған тайдың арқасы кетеді; Жүйріктің шашасына шаң жұқпайды; Ат тұяғын тай басар; Қасқадан ала аяқ туады, Қотырдан – қыршаңқы; Қияңқы байтал екі айғырды қырқыстырады; Соқыр құлын аттан емшек іздейді; Жылқыдағы боз айғыр, Қуып құлын таламас; Қубас айғыр құлынын талайды; Айғыр азынап үйірінен шықпас; Құлынындағы сақау, Құнанындағы тісеу; Қой анасы – оннан, жылқы анасы – бестен; Қой көкпарға жарамас; Бір биеде екі емшек, Бірі кетсе, сүті жоқ. Бір түйеде екі өркеш, Бірі кетсе, күші жоқ; Жақсы айғыр үйірін қорғайды, Құж мойын бұқа сом мүйізі мен сасық тұмсығын қорғайды т.б. [14, 7-116];

- Төрт түлік баққан (атты) кісінің ақылын (ақпараттылығын/білімін) талқыға салу: Ердің ісін ауыр қылма, Сәйгүлікті жауыр қылма; Арыған ат шұқанақ санайды, Ашыққан ат қолыңды жалайды, Жараған ат көзіңе қарайды; Алдыңғы айылдың батқанын, Иесі білмес ат білер; Атының сыры иесіне мәлім; Жылқы күнде мінілсе – есек, Айына мінілсе – ат, Жылына мінілсе – тұлпар; Түйешіге жолықсаң, Өркеші биік тайлағын айтар; Шөлге шықсаң: шөл екенін біліп шық, шөл тәңірі – сары атанға мініп шық т.б. [14, 29-281];

- Төрт түлік қасиетін басқа төрт түлік ерекшелігі негізінде талқыға салу: Жылқы – малдың патшасы, Түйе – малдың қасқасы; Жылқыны жауында, қойды дауылда көрме. Жылқыны жауында, қойды дауылда бақ; Түйе мініп қойға барма, Жөндеп баға алмайсың, Бие мініп тойға барма, Көкпарға шаба алмайсың; Боталаған түйеден, Бұлақ суы артылмас, Құлындаған биеден, Құдық суы артылмас; Ботасы өлген інгенге, Нар теліген зорлық, Құлыны өлген қулыққа, Тай теліген зорлық; Нардың бақырғаны – ұят, Арғымақтың жорғалағаны – ұят; Тартыншақ түйе жаман, Итіншек бие жаман; Ат биеден, атан түйеден; Түйенің жолы үлкен, Аттың жоны үлкен; Түйесіне қарай жазысы, Биесіне қарай қазысы; Жақсы айғыр үйірін қорғайды, Құж мойын бұқа сом мүйізі мен сасық тұмсығын қорғайды т.б. [14, 6-291];

- Төрт түліктің таза өз қасиетін талқыға салу: Жүйрікті кекіл қағысынан байқайды; Жүйріктен жүйрік шықса, аяғы тыпыр-тыпыр етер; Сұлу аттың көркі – жал; Бәйге ат мүсінін жасырады; Жүйрікке озудан қалу қиын; Екі көзі танадай, Екі өркеші баладай, Түйе деген жарықтық; Түйе алпыс күн аштыққа, Отыз күн шөлдікке шыдайды т.б. [14, 14-290];

- Төрт түлік/ мал пірін талқыға салу: Мың қойға – бір Шопан, Мың жылқыға – бір Қамбар; Жылқының пірі – Қамбар ата; Түйенің пірі - Ойсылқара т.б. [14, 131-290].

Қазақ жылқы малын о заманнан бері баққан халық, сондықтан да жылқы қасиетін адам ерекшелігіне теліп/салыстырып қарау заңды құбылыс. Елге жақсылығы тараған адамға еш мін таға алмайсың, жүйрікті сәндік деп білген

қазақ үшін, аты озып келсе, оған сын жүрмейді. Сонымен бірге жылқы қасиеті негізінде адам ерекшелігін білдіру үшін жақсы-жаман, жоқ – тоқ антitezаны, сын – мін синонимдерін қолданған. Осының негізінде адамның қадір-қасиеті: жақсы-жаман қылығы, жомарттығы, жақсыға талпынысы, жалқаулығы анықталады. Берілген мақала-мәтелдер негізінде адамның көбіне жағымды коннотациялы ерекшелігі айқындалады.

Қоршаған ортаны талдау негізінде төрт түліктің биологиялық ерекшелігі, жүйріктігі, шыбын-шіркейдің жайылымға әсері, жалғыз малға ит-құстың әсері сияқты ақпараттар анықталған.

Төрт түлік қасиетін талқыға салуда да негізі адам қасиеті туралы имплицитті ақпаратты аңғаруға болады. Бір бірінің кемшілігінің орнын толтыру, өзіңнен зорға ұмтылмау, ұрпақ жалғастығы сияқты ақпарат бар, мәселен, ат кетсе тай басар.

Жылқы бағу да өнер, қазақ халқы ықылым заманнан осы өнерді игерген, сондықтан паремияда бұл ақпараттың орын алуы да заңды, мәселен, атының сыры иесіне мәлім, жылқыны күнде мініп бабы болмаса, есекке, ал жылына мініп, бабы келтірілсе, тұлпарға айналатынын жылқышы ғана білер.

Қазақ төрт түлік ішінен жылқыны аса қадір тұтқан десек те, сол төрт түлік негізінде жылқының ерекшелігін, оны бағу туралы ақпаратты жеткізген. Осы төрт түлік ішінен жылқы ерекшелігін айқындауда түйе бойынша салыстырмалы ақпарат көбірек берілген, мұның себебі – жылқы малдың патшасы, түйе малдың қасқасы санағандығынан, яғни жылқы – сәндік, түйені байлық деп білген.

Жылқының таза өз ерекшелігін талқыға салуда оның мүсіні, тұяғы, жалы, яғни сұлулығын көрсететін белгілері сөз болған.

Біз жинаған мақал-мәтелдер негізінде ат, жылқы, айғыр, тұлпар, тай, қазанат, құлын, бесті, т.б. лексикалық бірліктер қолдану статистикасы анықталды.



Диagramма – 1 Мақал-мәтелдерде «жылқы» атауының берілуі

Диаграммадан көріп тұрғанымыздай ат, жылқы жиынтық атаулары көбірек кездеседі, соның ішінде мақал-мәтелдер құрамында ат компоненті саны жағынан басым. Тәрбиелік мәнде бие, құлын атаулары қолданыс жиілігі басым болса, жылқының жүйріктігі, мықтылығы, сұлулығы, ұрпақ жалғасытығы жағынан айғыр, жүйрік, тай атаулары басым болып келеді.

Құрамында жылқы малына қатысты компоненті бар мақал-мәтелдер қолданысы қазақ халқының қоршаны ортаны танып, әлемнің тілдік бейнесін қалыптастырудағы орны ерекше. Әлемді қабылдаудағы мақал-мәтелдердің рөлін анықтап, жылқы малына қатысты лексикалық бірліктің мәнін ашу үшін соған тірек болған сөздердің мән-мағынасын анықтау қажет. Мәселен, Жақсы атты күдірде сына мақалында тірек сөз қызметін күдір лексикалық бірлік атқарып тұр. Күдір түсіндірме сөздікте – «тегіс емес, ылди-ор болып келген шоқы-жота» деп берілген [15, 423], яғни жақсы атты тегіс емес жерде сына дегенді білдіріп тұр, ұлттық танымда қиын-қыстау кезде ғана мықтылық айқындалады дегенге меңзейді. Саяқтың ажалы қасқырдан деген мақалдағы тірек сөз – саяқ – «өз алдына бөлек жүретін, тусыған, бойдақ (жылқы)» [16, 52] деп түсіндірме сөздікте берілген, яғни жалғыз әркез ит-құсқа жем болады дегенге саяды. Шабысы жоқ төбелден, Терісі кең жабы артық деген мақалдағы тірек сөздер – төбел мен жабы. Түсіндірме сөздікте төбел – «жылқы малының маңдайында болатын дөңгелек ақ дақ» деп берілсе [17, 323], жабы – «қазақ жылқысының нашар, қарабайыр тұқымы» [18, 498] деп берілген. Мұнда жүйріктік сөз болып тұр, жетер жерге қажет уақытында жете алмау дегенге саяды.




Диаграмма- 2 Мақал-мәтелдерде түйе атауының берілуі

Диаграмма негізінде түйе жиынтық атауы көбірек кездесті. Одан кейін қара күш символы – нар, атан атауы кездессе, әдемілік, тартымдылық жағынан бота атауы қолданылған.

Ұлттық болмысты, әлеуметтік мәнді ашуда құрамында «түйе» компоненті бар мақал-мәтелдердің де маңызы зор. Мәселен, Түйе – дала кемесі мақалында түйені тікелей кемеге телу аңғарылады, себебі кеме – су көлігі болса, түйе – шөл көлігі, сонымен қоса Түйе алпыс күн аштыққа, Отыз күн шөлдікке шыдайды деп білген.



Диаграмма 3 Мақал-мәтелдерде сиыр атауының берілуі

Диаграмма негізінде сиыр жиынтық атауы көбірек кездесті. Саны жағынан бұзау мен өгіз қатар қолданылған, ал бұқа, тана сөздері жиі қолданылмаған.

Ұлттық танымды ашатын әлеуметтік жағдай сиырға байланысты мақал-мәтелде байқалады, мәселен, Ары тартсаң өгіз өледі, Бері тартсаң арба сынады. Мұнда шарасыздық бір таңдауға итермелейді. Тарихи тәжірибе халықтың әлеуметтік жағдайға бейімділігі, соның салдарын аңғаруға мүмкіндік берген, мәселен, Құдай жүгіртпегенді, Бұзау жүгіртеді немесе Түзде бұзауы жамырағанның, Үйінде айраны төгілер



Диаграмма 4 Мақал-мәтелдерде қой/ешкі атауының берілуі

Диаграмма негізінде мақал-мәтелдерде қой, ешкі жиынтық атаулары көбірек кездесті. Қазақтың күнделікті асы қой болғандықтан, тұрмыс-салтына байланысты өмірлік тәжірибеде көрініс табуы түсінікті. Қозы, қошқар, тоқты лексикалық бірліктері саны жағынан да басымрақ, ал ісек, саулық, теке, лақ саны жағынан аз екені айқындалды.

Қазақи танымда қой – жуас мал, айдауыңа көнеді, ал оның пайдасы көл-көсір, мұның дәлелін мына мақал-мәтелдерден аңғаруға болады: Қойдың сүті - қорғасын, Қойды соққан оңбасын; Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл-көсір.

Қойы көптің байлығы да көп деп санаған қазақ ұлттық танымға сай ырым-сенімін де мақал-мәтелде жеткізген: Құтты қонақ келсе, қой егіз табады. Ұлттық танымға сай әлеуметтік код – қойды бағудың қыр-сыры арқылы қазақтың о бастан еңбекқор халық екендігін және байқампаздығын көрсетеді. Мәселен, Малды бақсаң, қойды бақ, май кетпейді шарадан, ит асырасаң сырттаннан, қой бермейді қорадан. Мәдени код қазақы қонақжайлық, тек сол қонақжайлыққа сай қонағы да мәдениеттен аспаған, бұл да мақал-мәтелде көрініс тапқан: Қонақ қойдан жуас.

Нәтижелер. Қазақ о бастан көшпенді халық ретінде төрт түлікке байланысты көптеген тілдік бірліктерді қалыптастырған, ал олардың мәнін ашу арқылы ұлттық таным, ұлттық мәдениет, ұлттық кодты айқындау көптеген ғалымның қызығушылығын тудырып келеді.

Құрамында төрт түлік атаулары бар паремия адам ерекшелігін төрт түлік қасиеті негізінде талқыға салу; төрт түлік қасиеті негізінде қоршаған ортаны талқыға салу; төрт түлік арқылы жылқы қасиетін талқыға салу; төрт түлік баққан (атты) кісінің ақылын (ақпараттылығын/білімін) талқыға салу; төрт түлік қасиетін басқа төрт түлік ерекшелігі негізінде талқыға салу; төрт түліктің таза өз қасиетін талқыға салу; төрт түлік/ мал пірін талқыға салу сияқты ақпаратты ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп отырған.

Әлем бейнесі когнитивтік модельде айқындалады, сондай-ақ ол ұжымдық санамен, көзқараспен, ұжымдық философиямен байланысты болады. Ғаламның тілдік бейнесі негізінен адамдар санасындағы әлемнің логикалық бейнесімен сәйкес келеді. Объективті болмыстан көрініс беру арқылы адам тілде таным нәтижелерін бейнелейді. Әлемнің бейнесі ұғымы адамның осы әлемді тану үдерісінен құралады. Егер әлем – адам және өзара қатынас ортасы болса, әлем бейнесі – орта мен адам туралы ақпаратты өңдеу нәтижесі.

Біз қарастырған паремияда төрт түлік атаулары адам өмірінің тәжірибесінің нәтижесі ретінде адамның өзіне, өзінің ісіне деген сыни көзқарасын аңғартады, сол арқылы тілде көрініс тапқан әлемін жағымды/жағымсыз коннотация тұрғысынан бөліп қарайды.

Жағымды коннотация: Жақсы аттың жал-құйрығы, Әрі жібек, әрі қыл, Жақсы жігіттің белгісі, Түзде мырза, үйде құл; Жақсы бала қонаққа үйір, Жақсы тай атқа үйір; Мал өсірсең қой өсір, өнімі оның көл-көсір.

Жағымсыз коннотация: Болдырған сиыр молаға сүйкенеді; Ингеніме қараймын деп мінгенімнен айырылдым; Түйесін қу бас десең - иесіне тиеді.

Бұл мақал-мәтелдердің эксплицитті, имплицитті мағыналарын антропоэзеттік парадигма құрайды. Оларды этномәдени код ретінде қабылдауға болады. Құрамында төрт түлік атаулары бар паремия өмір салты, тұрмыс-тіршілігі туралы ақпаратты жеткізе отырып, қазіргі тілдік тұлғаның қалыптасуына әсер еткен. Қазіргі қоғам мүшелері, яки тілді тұтынушы өкіл өздерінің санасында (танымы негізінде) мақал-мәтелдерді қолданғанда

коммуникативтік-прагматикалық, нақтырақ айтқанда, талғамдық, аксиологиялық мақсатты көздейді де өздерінің аялық білімін аңғартады. Қазіргі тілді тұтынушылардың барлығы мал бағу өнері, төрт түлік ерекшелігі туралы ақпаратты біле бермеуі мүмкін, сондықтан да мақал-мәтелдердегі имплицитті ақпаратты ашу маңызды. Ол үшін мақал-мәтелдердегі тірек сөздердің мағынасын ашып, нені өзекті етіп тұрғанын айқындап алу керек. Мәселен, күдір, саяқ, жабы, төбел, жабағы т.б. лексикалық бірліктердің мағынасын айқындау негізінде мақал-мәтелдерде жасырылған ақпаратты ашуға болады. Осы тұрғыдан алғанда, төрт түлікке қатысты паремияны халықтың өмірлік тәжірибесінде (мал бағу, баптау) тарихи, биологиялық, метеорологиялық т.б. реалийлерді айқындайтын белгілер арқылы қалыптасқан таным нәтижесі, лингвомәдени көзі деуге болады.

Қорытынды. Құрамында төрт түлік атаулары бар паремия астарындағы аялық ақпараттарды игеру белгілі бір жалғасын тапқан лингвомәдени қауымдастық мүшелеріне тән деректерді меңгеру болып табылады. Қазіргі кезде ауылшаруашылықты дамытуда бұл ақпаратты айқындау аса қажет. Сондықтан мақал-мәтелдердегі төрт түлік атаулары қазақ халқының әлемнің тілдік бейнесін жасаушы, тілдік тұлғаның болмысын айқындайтын, оның тілі, мәдениеті мен тарихынан ақпарат беретін баға жетпес қор, қазақы қоғам санасында ұлттық тарихи тәжірибені сақтаған «көнекөз сөз» екендігіне көз жеткіземіз. Мақал-мәтел ұлттық тәжірибенің сонау ықылым заманнан сақталған көзі десек, оның құрамындағы төрт түлікке қатысты сөздер адамдардың өзін қоршаған ақиқат дүние, бұрынғы тұрмыс-тіршілігі, соның негізінде өзін өзі тану туралы жинап-терген ақпараттарын кодтап қана қоймай, оларды тасымалдаушы қызметін қоса атқарады.

Әдебиеттер

1. Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы. – Алматы, 2014. – 928 б.
2. Қайдар Ә.Т. Халық даналығы. – Алматы: Толағай. 2004. – 565 б.
3. Dzhumambetova G., Dauletbaeva D. Comparative and cultural analysis of proverbs in english and uzbek languages // Ренессанс в парадигме новаций образования и технологий в XXI веке. – 2022. – Р. 100-102. <https://doi.org/10.47689/innovations-in-edu-vol-iss1-pp100-102>
4. Дина Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық прагматикалық аспектісі. Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.02. – Алматы, 2002. – 110 б.
5. Атаханова Р.К. Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты. Ф.ғ.к. дисс. автореф. – Алматы, 2005. – 126 б.
6. Бейсенова М.С. М. Қашқаридың «Диуани лұғат ит-түрк» еңбегіндегі төрт түлік мал атаулары. Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.06. – Алматы, 1997. – 170 б.
7. Шынар А. Қазақтар мен түріктерде жылқы өсіру мәдениеті және оның рөлі (ауд. Кенан Коч). – Шымкент: Әлия, 2001. – 135 б.
8. Тоқтағұл Б. С. Түркі тілдеріндегі төрт түліктің жасына қатысты атаулардың

этнолингвистикалық сипаты / Филол. ғыл. канд., ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы. 2005. – 123 б.

9. Жанәбілов Ш. Қазақша мал атаулары. – Алматы: Қайнар, 1982. – 150 б.

10. Байтелиева Ж. Қазақ тіліндегі жылқы малына қатысты фразеологиялық тіркестердің этномәдени уәждемесі. Фил. ғыл. канд. диссер автореф. – Алматы, 2007. – 26 б.

11. Сағатбек Е.Н., Рамазанов Т.Б., Реметов М.Қ. Жылқы түлігіне қатысты сөздердің қазақ тіліндегі көрінісі // Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. Хабаршы «Филология ғылымдары» сериясы. – №1(67), 2019. – 285 б.

12. Жақыпов Ә. Түйе өсірушінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Қайнар, 1989. – 208 б.

13. Айтбаева Н. Қазақ тіліндегі жылқы атауларының лексика-семантикалық және дүниетанымдық сипаты. Ф.ғ.к. дисс. автореф. 10.02.02. – Алматы, 2007. – 29 б.

14. Қазақтың мақал-мәтелдері. Құраст. А.Т.Смайлова. – Алматы: Көшпенділер, 2006. – 296 б.

15. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. – 8-том. Құраст.: Қ. Күдерина, О. Жұбаева, М. Жолшаева және т.б. – Алматы, 2011. 8 том К-Қ. – 744 б.

16. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 13-том / Құраст.: А. Фазылжанова, Н. Оңғарбаева, Қ. Ғабитхан және т.б. – Алматы, 2011. 13 том С-Т. – 752 б.

17. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 14-том / Құраст.: М. Малбақов, Қ. Есенова, Б. Хинаят және т.б. – Алматы, 2011. 14 том Т-Ұ. – 800 б.

18. Қазақ әдеби тілінің сөздігі. Он бес томдық. 5-том. Құраст.: Б. Әбілқасымов, С. Бизақов, Ә. Жүнісбеков және т.б. – Алматы, 2011. 5-том. – Д – Ж. – 752 б.

С.К. ИМАНБЕРДИЕВА

Казахский агротехнический университет имени С. Сейфуллина, Астана,
Казахстан

М.Е. ЕГЕНБЕРДІ

Казахский Национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

НАЗВАНИЯ ДОМАШНИХ ЖИВОТНЫХ В ПАРЕМИИ КАК НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОД

Аннотация. В статье паремия анализируется и рассматривается как важный источник народных знаний в сельском хозяйстве и метеорологии.

Цель статьи показать особенности паремии, содержащей названия домашних животных, и тем самым определить знания народа в создании языковой картины мира, открыть по этим сведениям национальный код.

Исследовательская работа проводилась в лексико-семантическом, когнитивном направлении. Автор рассматривает паремии, содержащую названия домашних животных, как особую лингвокультурную единицу, передающуюся из поколения в поколение и формирующую языковую картину мира казахского общества. В ходе исследования особое внимание уделялось пословицам, содержащим названия домашних животных,

как важной единице в определении национальной идентичности на основе социальных условий и культурного кода. В раскрытии информации по историческому опыту народа в пословицах особое значение придается когнитивной функции как национального знания, социального кода, культурного кода. При этом приводится статистическая информация об использовании собирательных названий и отдельных названий домашних животных в составе пословиц и поговорок.

Анализируется прагматический потенциал названий домашних животных в составе пословиц и поговорок, определяется их место как средства передачи в восприятии мира, знания, накопленные людьми на протяжении веков. Утверждается, что паремии, в состав которых входят названия домашних животных, являются основными лингвокультурными единицами, формирующими базу знаний нации и несущих культурную информацию, и раскрываются культурные коды, стоящие за имплицитной информацией в них.

Сделанные выводы обосновываются когнитивными, статистическими, сравнительно-описательными методами, доказываются конкретными примерами. Цитаты взяты из пословиц.

Практическая значимость статьи заключается в том, что ее основные результаты могут быть использованы в теоретических курсах, таких как лексикология, когнитивная лингвистика, лингвокультурология, а также в семинарах по практике преподавания казахского языка.

Ключевые слова: паремия, пословица, имплицитная информация, языковое единство, социальный код, культурный код, антитеза, синоним.

S.K. IMANBERDIEVA

Kazakh Agrotechnical University named after S. Seifullina, Astana, Kazakhstan

M.E. EGENBERDI

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

NAMES OF PETS IN PAREMIA – NATIONAL CODE

Annotation. In the article paremia is analyzed and considered as an important source of folk knowledge in agriculture and meteorology. The purpose of the article is to show the features of the proverb containing the names of domestic animals, and thereby determine the knowledge of the people in creating a linguistic picture of the world, to open the national code based on this information.

Research work was carried out in the lexico-semantic, cognitive direction. The author considers paroemia, containing the names of domestic animals, as a special linguocultural unit that is passed down from generation to generation and forms the linguistic picture of the world of the Kazakh society.

During the study, special attention was paid to proverbs containing the names

of domestic animals, as an important unit in determining national identity based on social conditions and cultural code. In disclosing information on the historical experience of the people in proverbs, special importance is attached to the cognitive function as national knowledge, social code, cultural code. At the same time, statistical information is provided on the use of collective names and individual names of domestic animals in the composition of proverbs and sayings.

The pragmatic potential of the names of domestic animals in the composition of proverbs and sayings is analyzed, their place is determined as a means of transferring in the perception of the world, the knowledge accumulated by people over the centuries. It is argued that proverbs, which include the names of domestic animals, are the main linguocultural units that form the knowledge base of the nation and carry cultural information, and the cultural codes behind the implicit information in them are revealed.

The conclusions drawn are substantiated by cognitive, statistical, comparative and descriptive methods and are proved by specific examples. Quotes are taken from proverbs. The practical significance of the article lies in the fact that its main results can be used in theoretical courses such as lexicology, cognitive linguistics, linguoculturology, as well as in seminars on the practice of teaching the Kazakh language.

Keywords: *paremia, proverb, implicit information, linguistic unity, social code, cultural code, antithesis, synonym.*

References

1. Qūrmanbaiūly Ş. Qazaq terminologiasy. – Almaty, 2014. – 928 b.
2. Qaidar Ä.T. Halyq danalyǵy. – Almaty: Tolaǵai. 2004. – 565 b.
3. Dzhumambetova G., Dauletbaeva D. Comparative and cultural analysis of proverbs in english and uzbek languages // *Renesans v paradigme novasi obrazovania i tehnologi v XXI veke.* – 2022. – P. 100-102. <https://doi.org/10.47689/innovations-in-edu-vol-iss1-pp100-102>
4. Dina B. Qazaq tilindeǵi maqal-mätelderdiñ tanymdyq pragmatikalyq aspektisi. F.ǵ.k. diss. qoljazbasy. 10.02.02. – Almaty, 2002. – 110 b.
5. Atahanova R.K. Tuys emes tilderdeǵi maqal-mätelderdiñ etnolingvistikalyq sipaty. F.ǵ.k. diss. avtoref. – Almaty, 2005. – 126 b.
6. Beisenova M.S. M. Qaşqaridyñ «Diuanı lūǵat it-türk» eñbegindeǵi tört tülük mal ataulary. F.ǵ.k. diss. qoljazbasy. 10.02.06. – Almaty, 1997. – 170 b.
7. Şynar A. Qazaqtar men türkterde jylqy ösiru mädenietı jäne onyñ röli (aud. Kenan Koch). – Şymkent: Älia, 2001. – 135 b.
8. Toqtaǵūl B. S. Türkı tilderindeǵı tört tülüktiñ jasyına qatysty ataulardyñ etnolingvistikalyq sipaty / *Filol. ǵyl. kand., ǵylymi дәrejesin alu üşin daiyndalǵan disertasia.* – Almaty. 2005. – 123 b.
9. Janäbilov Ş. Qazaqşa mal ataulary. – Almaty: Qainar, 1982. – 150 b.
10. Baitelieva J. Qazaq tilindeǵı jylqy malyna qatysty frazeologialyq turkesterdiñ etnomädeni uäjdemesi. *Fil. ǵyl. kand. diser avtoref.* – Almaty, 2007. – 26 b.

11. Saғatbek E.N., Ramazanov T.B., Remetov M.Q. Jylqy tūlǵıne qatysty sōzderdīñ qazaq tılındeǵı kōrınası // Abai atyndaǵy Qazaq ūlttyq pedagogikalıq universiteti. Habarshy «Filologia ǵylymdary» seriasy. – №1(67), 2019. – 285 b.
12. Jaqypov Ä. Tūie ösıruşınıñ tūsındırme sōzdıǵı. – Almaty: Qainar, 1989. – 208 b.
13. Aitbaeva N. Qazaq tılındeǵı jylqy ataularynyñ leksika-semantikalyq jāne dūnietanymdyq sipaty. F.ǵ.k. diss. avtoref. 10.02.02. – Almaty, 2007. – 29 b.
14. Qazaqtyñ maqal-mätelderı. Qūrast. A.T.Smailova. – Almaty: Köşpendiler, 2006. – 296 b.
15. Qazaq ädebi tılınyñ sōzdıǵı. On bes tomdyq. – 8-tom. Qūrast.: Q. Küderinova, O. Jūbaeva, M. Jolşaeva jāne t.b. – Almaty, 2011. 8 tom K-Q. – 744 b.
16. Qazaq ädebi tılınyñ sōzdıǵı. On bes tomdyq. 13-tom /Qūrast.: A. Fazyljanova, N. Oñgarbaeva, Q. Ğabıthan jāne t.b. – Almaty, 2011. 13 tom S-T. – 752 b.
17. Qazaq ädebi tılınyñ sōzdıǵı. On bes tomdyq. 14-tom / Qūrast.: M. Malbaqov, Q. Esenova, B. Hinaiat jāne t.b. – Almaty, 2011. 14 tom T-Ū. – 800 b.
18. Qazaq ädebi tılınyñ sōzdıǵı. On bes tomdyq. 5-tom. Qūrast.: B. Äbılqasymov, S. Bizaqov, Ä. Jūnisbekov jāne t.b. – Almaty, 2011. 5-tom. – D – J. – 752 b.

Авторлар жайлы мәлімет:

Иманбердиева Сәуле Құрманбайқызы – филология ғылымдарының докторы, С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Иманбердиева Сауле Курманбаевна – доктор филологических наук, профессор Казахского агротехнического университета имени С. Сейфуллина, Астана, Казахстан.

Imanberdieva Saule Kurmanbaiyevna – Doctor of Philological Sciences, Professor of Kazakh Agrotechnical University S. Seifullin, Astana, Kazakhstan.

Егенберді Меруерт Егенбердіқызы – педагогика ғылымдарының магистрі, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Егенберді Меруерт Егенбердіқызы – магистр педагогических наук, старший преподаватель Казахского Национального университета имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Egenberdi Meruert Egenberdikyzy – Master of Pedagogical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University, senior lecturer, Astana, Kazakhstan.